


«Мемлекеттік тіл және жастар» атты дөңгелек үстел



2015 жылғы 12 наурызда С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада мемлекеттік тілді меңгерген этнос жастарының қатысуымен Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасымен ұйымдастырылған «Мемлекеттік тіл және жастар» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге мемлекеттік тілді жетік меңгерген жергілікті жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Жастар қазіргі қоғамдағы мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуге байланысты шешу жолдарын талқылады.